

## Қаратөбе ауданы әкімдігінің қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 29 қазандағы № 132 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 қазанда № 6450 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 тамыздағы № 95 "Қаратөбе ауданының жергілікті атқарушы органдарының қызметкерлерін қызметтік, оның ішінде шет мемлекеттерге іссапарларға арналған шығыстарды өтеудің қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5772 тіркелген, 2019 жылғы 28 тамызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Қаратөбе ауданы әкімі аппаратының басшысына (А.Карменов) осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Сұлтанға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қаратөбе ауданының әкімі*

*Ж. Асантаев*